

## Құрал-жабдықтар сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 31

Қазақстан Республикасының тұтыну рыногын жоғары сапалы тамақ өнімдерімен толтыру мақсатында және "Қазақстан Республикасының экономикасына шетел капиталын тарту процестерін мемлекеттік басқару мен реттеудің тиімділігін көтеру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қаңтардағы N 2035 U952035\_ Жарлығына сәйкес:

1. "Азат" өндірістік-коммерциялық концернінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және полиэтилен бөтелкелерін жасау арқылы салқындатпа сусындар өндіру бойынша құрал-жабдықтар мен технология сатып алу, оның ішінде:

- неміс банкілері берген жалпы сомасы 20 (жиырма) миллион

АҚШ доллары сомасындағы кредиттер есебінен:

полиэтилен бөтелкелерін шығару арқылы салқындатпа сусындар өндіретін үш желі;

шұжық бұйымдарын өндіру бойынша бес кіші- завод;

12 диірмен;

- поляк банкілері берген жалпы сомасы 10 (он) млн. АҚШ доллары сомасындағы кредиттер есебінен:

қатты балмұздақ өндіру бойынша он алты желі;

кеспе бұйымдарын өндіру бойынша он екі желі;

поролон және жұмсақ мебель жасау желісін;

екі наубайхана жасау жөніндегі ұсынысы мақұлданын.

Барлығы 7 (жеті) млн. АҚШ доллары, оның ішінде 3 (үш) млн. доллар бірінші қажеттіліктегі тауарларды сатып алуға жұмсалады.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі екі апта мерзім ішінде "Азат" концерні табыс еткен жобаларға сараптау жүргізіп, банк сараптауының нәтижелері мен Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің банкілерімен жүргізілген келісімдер бойынша ұсыныс енгізісін.

3. "Азат" концерні аталған жобалар бойынша Қазақстан Республикасының үкіметтік кепілдігін алу мақсатында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі мен Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне барлық қажетті

кепілдіктерді берсін. "Азат" концерні тарапынан берілген кепілдікте мемлекеттік мүлік жөніндегі Ақмола аумақтық комитеті растаған оның негізгі қаражаты болады.

4. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі банктің ұсынысының негізінде екі апта мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тиісті шешімінің жобасын әзірлесін.

Премьер-министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК